

# ARG

## БҰРЫШТЫҚ АЖАРЛАҒЫШ МАШИНА AAG125900



Бірінші рет пайдалану алдында пайдалану бойынша нұсқауларды және қауіпсіздік техникасы бойынша ақпаратты оқып, орындаңыз. **Осы жетекшілікті сақтаңыз.**

**Электр құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы ескертулер**

**Барлық қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулерді және барлық нұсқаулықтарды оқыңыз.**

Ескертулер мен нұсқаулықтарды сақтамау электр тогымен зақымдануға, өртке және/немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

**Кейін пайдалану үшін барлық ескертулер мен нұсқаулықтарды сақтаңыз.**

Ескертулердегі "электр құралы" термині желілік (сымдық) немесе аккумуляторлық (сымсыз) қоректенуі бар электр құралына қатысты.

### **1) Жұмыс аймағының қауіпсіздігі**

- a) **Жұмыс аймағының тазалығы мен жақсы жарықтандырылуын сақтаңыз.** Ыбырсытылған немесе қараңғы аймақтар жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- b) **Жарылыс қауіпті атмосферада, мысалы, жеңіл тұтанатын сұйықтықтар, газдар немесе шаң болған кезде электр құралдарын пайдаланбаңыз.** Электр құралдары шаңды немесе булануды тұтатуы мүмкін ұшқындар жасайды.
- c) **Электр құралымен жұмыс істеу кезінде балалар мен бөгде адамдарды оған жақындатпаңыз.** Алдарқататын факторлар бақылаудың жоғалуына әкелуі мүмкін.

### **2) Электр қауіпсіздігі**

- a) **Электр құралдарының штепсельдері розеткаға сәйкес келуі керек.** Ешбір жағдайда штепсельді түрлендірмеңіз. Жерге тұйықталған электр құралдары бар өтпелі штепсельдерді пайдаланбаңыз. Түрлендірілмеген штепсельдер мен сәйкес келетін розеткалар электр тогымен зақымдану қаупін азайтады.
- b) **Дене бөліктерінің құбырлар, радиаторлар, пештер және тоңазытқыштар сияқты жерге тұйықталған немесе жерге тұйықтайтын беттермен жанасуына жол бермеңіз.** Егер сіздің денеңіз жерге тұйықталса, электр тогымен зақымданудың жоғары қаупі бар.
- c) **Электр құралдарын жаңбырдың немесе ылғалды жағдайлардың әсеріне ұшыратпаңыз.** Электр құралына судың түсуі электр тогымен зақымдану қаупін арттырады.
- d) **Баусымның дұрыс пайдаланылмауына жол бермеңіз.** Электр құралын тасымалдау, тарту немесе ажырату үшін ешқашан баусымды пайдаланбаңыз. Баусымды жылудан, майдан, өткір жиектерден және қозғалатын бөліктерден алыс ұстаңыз. Зақымдалған немесе шатастырылған баусымдар электр тогымен зақымдану қаупін арттырады.

- e) Ашық ауада электр құралымен жұмыс істеген кезде, үйжайдан тыс пайдалануға жарамды ұзартқыш баусымды пайдаланыңыз. Үйжайдан тыс пайдалануға жарамды баусымды пайдалану электр тоғымен зақымдану қаупін азайтады.
- f) Егер ылғалды үйжайда электр құралымен жұмыс істеу сөзсіз болса, қорғаныстық сөндіру құрылғысымен (ҚСҚ) жабдықталған электрлік қоректенуді пайдаланыңыз. ҚСҚ пайдалану электр тоғымен зақымдану қаупін азайтады.
- 3) Жеке қауіпсіздік**
- a) Сақ болыңыз, не істеп жатқаныңызды қадағалаңыз және электр құралымен жұмыс істеген кезде дұрыс мағынаны пайдаланыңыз. Сіз шаршаған кезде немесе есірткі, алкоголь немесе дәрі-дәрмек әсер еткен кезде электр құралын пайдаланбаңыз. Электр құралдарымен жұмыс істеген кездегі зейінсіздік елеулі жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- b) **Жеке қорғану құралдарын пайдаланыңыз. Әрқашан көзді қорғау құралдарын киіп жүріңіз.** Тиісті жағдайларда пайдаланылатын, шаң маскасы, тайғақ емес аяқ киім, дулыға немесе есту органдарын қорғау құралдары сияқты қорғаныс құралдары жарақат алу қаупін азайтады.
- c) **Әдейі ойластырылмаған іске қосуға жол бермеңіз. Қоректену көзіне және/немесе аккумуляторлық батареяға қосу алдында, құралды көтеру немесе тасымалдау алдында айырақосқыштың сөндірілген жайғасымда тұрғанына көз жеткізіңіз.** Саусақты айырақосқышта ұстап, электр құралдарын тасымалдау немесе айырақосқыш қосулы кезде электр құралдарын қосу жазатайым оқиғаларға әкеп соғады.
- d) **Электр құралын қоспас бұрын реттеу немесе сомын кілтін алып тастаңыз.** Сомын кілті немесе электр құралының айналмалы бөлігінде қалдырылған кілт жарақатқа әкелуі мүмкін.
- e) **Шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Әрқашан аяқтардың орнықты орналасуы мен тепе-теңдікті сақтаңыз.** Бұл күтпеген жағдайларда электр құралын жақсы бақылауға мүмкіндік береді.
- f) **Дұрыс киініңіз. Бос киім мен әшекейлер кимеңіз. Шашыңызды, киіміңізді және қолғаптарыңызды қозғалатын бөліктерден алыс ұстаңыз.** Бос киім, әшекейлер немесе ұзын шаштар қозғалатын бөліктерде кептеліп қалуы мүмкін.
- g) **Егер шанды кетіру және жинау құралдарын қосуға арналған құрылғылар көзделсе, олардың жалғанғанына және тиісті түрде пайдаланылатынына көз жеткізіңіз.** Шаң жинау жүйесін пайдалану шаңға байланысты қауіпті азайтуы мүмкін.
- 4) Электр құралдарын пайдалану және күту**
- a) **Электр құралына күш қолданбаңыз. Жұмыс үшін жарамды электр құралын пайдаланыңыз.** Дұрыс таңдалған электр құралы жұмысты ол өзірленген жылдамдықпен жақсырақ және қауіпсіз орындайды.
- b) **Егер айырақосқыш оны қоспаса және сөндірмесе, электр құралын**

- пайдаланбаңыз. Айырақосқыш көмегімен басқаруға болмайтын кез келген электр құралы қауіпті және жөндеуге жатады.
- c) **Кез келген реттеулерді орындау, аксессуарларды ауыстыру немесе электр құралын сақтау алдында штепсельді қоректену көзінен және/немесе аккумуляторлық блокты электр құралынан ажыратыңыз.** Мұндай алдын алу қауіпсіздік шаралары электр құралын кездейсоқ қосу қаупін азайтады.
  - d) **Пайдаланылмаған электр құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және олармен жұмыс істеуге электр құралымен немесе осы нұсқаулықпен таныс емес адамдарды жібермеңіз.** Электр құралдары оқытылмаған пайдаланушылардың қолында қауіпті.
  - e) **Электр құралдарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізіңіз.** Қозғалатын бөліктердің ығысуының немесе кептелуінің, бөлшектердің сынуының және электр құралының жұмысына әсер етуі мүмкін кез келген басқа жағдайлардың бар-жоғын тексеріңіз. Егер электр құралы зақымдалған болса, оны пайдалану алдында жөндеңіз. Көптеген жазатайым оқиғалар электр құралдарына нашар қызмет көрсетуге байланысты орын алады.
  - f) **Кескіш құралдарды өткір және таза ұстаңыз.** Дұрыс қызмет көрсетілетін, өткір кескіш жиектері бар кескіш құралдар сыналануға бейім емес және оңай бақыланады.
  - g) **Пайдалану шарттары мен орындалатын жұмысты ескеріп, электр құралдарын, аксессуарларды, салмалы кескіштерді және т.б. осы нұсқаулыққа сәйкес пайдаланыңыз.** Электр құралын мақсатынан тыс пайдалану қауіпті жағдайдың туындауына әкелуі мүмкін.
- 5) Қызмет көрсету**
- a) **Электр құралына қызмет көрсетуді жөндеу бойынша білікті маманға тапсырыңыз, осы ретте тек бірдей қосалқы бөлшектерді пайдалану керек.** Бұл электр құралын пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

### **Бұрыштық ажарлағыш машиналарға арналған қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулер**

**Ажарлау, тегістеу, сыммен тазалау немесе абразивті кесу операцияларына арналған қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы ескертулер**

- **Бұл электр құралы ажарлағыш машина, ажарлағыш құрал, сымдық щетка немесе кескіш құрал ретінде жұмыс істеуге арналған. Осы электр құралына қоса берілетін, барлық қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулерді, нұсқаулықтарды, иллюстрацияларды және спецификацияларды оқып шығыңыз.** Төменде көрсетілген барлық нұсқаулықтарды сақтамау электр тогымен зақымдануға, өртке және/немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- **Бұл электр құралын жылтырату үшін пайдалану ұсынылмайды.** Электр құралы арналмаған операциялар қауіп тудыруы және жарақатқа

- әкелуі мүмкін.
- **Арнайы әзірленбеген және құрал өндірушісі ұсынбаған аксессуарларды пайдаланбаңыз.** Аксессуарды электр құралына қосуға болатындығы қауіпсіз жұмысқа кепілдік бермейді.
  - **Аксессуардың номиналды айналуды жылдамдығы кем дегенде электр құралында көрсетілген максималды жылдамдыққа тең болуы керек.** Номиналды жылдамдықтан жылдамырақ жұмыс істейтін аксессуарлар сынуы және бөліктерге бөлінуі мүмкін.
  - **Аксессуардың сыртқы диаметрі мен қалыңдығы сіздің электр құралыңыздың номиналды қуатына сәйкес келуі керек.** Дұрыс таңдалмаған аксессуарларды барабар қорғау немесе бақылау мүмкін емес.
  - **Дискілердің, ернемектердің, табан дискілерінің немесе кез келген басқа аксессуарлардың құралбілігінің өлшемі электр құралының айналдырғысына дәл сәйкес келуі тиіс.** Электр құралын монтаждау жабдығына сәйкес келмейтін саңылаулары бар аксессуарлар тепе-теңдікті жоғалтады, шамадан тыс дірілдейді және бақылауды жоғалтуға әкелуі мүмкін.
  - **Зақымдалған аксессуарларды пайдаланбаңыз.** Әр пайдалану алдында абразивті шарықтар сияқты аксессуарларды жарықшақтар мен сызаттардың бар-жоғына, табан дискісін сызаттардың, үзілулердің немесе шамадан тыс тозудың бар-жоғына, сымдық щетканы осал немесе жарылған сымдардың бар-жоғына тексеріңіз. Егер электр құралы немесе аксессуар құлап кетсе, оларды зақымданудың бар-жоғына қарап тексеріңіз немесе зақымдалмаған аксессуарды орнатыңыз. Аксессуарды қарап тексеріп, орнатқаннан кейін, өзіңіз алыстап, бөгде адамдарды айналатын аксессуар жазықтығынан алыс орналастырыңыз және электр құралын бір минут ішінде максималды бос жүріс жылдамдығында іске қосыңыз. Зақымданған аксессуарлар әдетте осы сынақ уақытында бөліктерге ыдырайды.
  - **Жеке қорғану құралдарын киіп жүріңіз.** Қолдану саласына байланысты қорғаныс маскасын, қорғаныс көзілдірігін немесе қорғаныс әйнегін пайдаланыңыз. Қажет кезде тозақорғағыш масканы, есту органдарын қорғау құралдарын, қолғапты және ұсақ абразивті бөлшектерді немесе дайындамалардың фрагменттерін тоқтатуға қабілетті алжапқышты киіңіз. Көз қорғанысы әртүрлі операциялар кезінде пайда болатын ұшатын сынықтарды тоқтатуға қабілетті болуы керек. Тоззақорғағыш маска немесе респиратор жұмыс кезінде пайда болатын бөлшектерді сүзуге қабілетті болуы керек. Қарқындылығы жоғары шудың ұзақ әсері есту қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.
  - **Бөгде адамдарды жұмыс аймағынан қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.** Жұмыс аймағына кіретін адамдардың барлығы жеке қорғаныс

құралдарын киіп жүруі керек. Дайындаманың немесе сынған аксессуардың фрагменттері ұшып шығып, тікелей жұмыс аймағынан тыс жерде жарақат келтіруі мүмкін.

- **Кескіш құрал жасырын сымдармен немесе өз баусымымен жанасуы мүмкін операцияларды орындау кезінде электр құралын тек оқшауланған ұстау беттерінен ұстаңыз.** Кернеу астындағы сыммен жанасатын кескіш аксессуар электр құралының ашық металл бөліктерінің кернеу астында болуына әкелуі мүмкін және бұл жағдайда операторды ток соғуы мүмкін.
- **Баусымды ол аксессуардың айналуына кедергі келтірмейтіндей орналастырыңыз.** Егер сіз электр құралына қатысты бақылауды жоғалтсаңыз, баусым кесілуі немесе зақымдануы мүмкін, ал сіздің қолыңыз немесе қол басыңыз айналып тұрған аксессуарға тартылуы мүмкін.
- **Ешқашан электр құралын аксессуар толығымен тоқтағанға дейін жерге қоймаңыз.** Айналып тұрған аксессуар бетті ұстап, электр құралын сіздің бақылауыңыздан тыс шығаруы мүмкін.
- **Электр құралын бүйірде тасымалдаған кезде оны іске қоспаңыз.** Айналып тұрған аксессуармен кездейсоқ жанасу сіздің киіміңізді іліп, аксессуарды сіздің денеңізге тартуы мүмкін.
- **Электр құралының желдеткіш саңылауларын үнемі тазалаңыз.** Қозғалтқыштың желдеткіші шаңды корпусының ішіне тартады, ал ұнтақ тәрізді металдың шамадан тыс жиналуы электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.
- **Электр құралымен жеңіл тұтанатын материалдардың жанында жұмыс жасамаңыз.** Ұшқындар осы материалдарды тұтандыруы мүмкін.
- **Салқындатқыш сұйықтықты қажет ететін аксессуарларды пайдаланбаңыз.** Суды немесе басқа салқындатқыш сұйықтықтарды пайдалану электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.
- **Керітебу және онымен байланысты ескертулер**  
Кері тебу - бұл айналып тұрған шарықтың, табан дискісінің, щетканың немесе кез келген басқа аксессуардың қысылып қалуға немесе ұстасып қалуға қатысты кенет реакция. Қысылып қалу немесе ұстасып қалу айналып тұрған аксессуарлардың тез тоқтап қалуын тудырады, бұл өз кезегінде электр құралының байластыру нүктесінде аксессуардың айналуына қарама-қарсы бағыттағы бақыланбайтын қозғалысына әкеледі.  
Мысалы, егер абразивті шарық дайындамаға ілініп қалса немесе қысылып қалса, қысу нүктесіне кіретін шарықтың шеті материалдың бетіне кірекесіліп, шарықтың сырғып кетуіне немесе сыртқа итерілуіне әкелуі мүмкін. Шарық қысылған жердегі шарықтың қозғалу бағытына байланысты операторға немесе одан өрі қарай ыршып кетуі мүмкін. Абразивті шарықтар да осы жағдайларда сынуы мүмкін.  
Кері тебу электр құралын дұрыс пайдаланбаудың және/немесе дұрыс емес процедуралардың немесе пайдалану шарттарының нәтижесі болып табылады және оны төменде келтірілген тиісті сақтық шараларын

қолдану арқылы болдырмауға болады.

- **Электр құралын мықтап ұстаңыз және денеңізді және қолыңызды кері тебу күшіне қарсы тұра алатындай орналастырыңыз.** Іске қосу кезінде кері тебуді немесе айналдыру моментінің реакциясын максималды бақылау үшін әрқашан қосалқы тұтқаны пайдаланыңыз. Тиісті сақтық шаралары сақталған кезде оператор айналдыру моментінің реакциясын немесе кері тебу күшін бақылай алады.
- **Ешқашан айналатын аксессуарға қолыңызды жақындатпаңыз.** Аксессуар сіздің қолыңыз арқылы секіріп кетуі мүмкін.
- **Кері тебупайда болған кезде денеңізді электр құралының қозғалыс аймағында орналастырмаңыз.** Кері тебуқұралды ілінісу орнындағы шарықтың қозғалысына қарама-қарсы бағытта қозғалысқа келтіреді.
- **Бұрыштарды, өткір жиектерді және т.б. өңдеу кезінде ерекше сақ болыңыз.** Аксессуардың секіруіне және ілінісуіне жол бермеңіз. Бұрыштар, өткір жиектер немесе ыршулар айналатын аксессуарды іліп, бақылауды жоғалтуды немесе кері тебуді тудыру тенденциясына ие.
- **Ағаш бойынша аралау төсемін немесе тісті аралау төсемін бекітпеңіз.** Мұндай жүздер кері тебуді және электр құралын басқаруды жоғалтуды жиі тудырады.

**Ажарлау және абразивті кесу операцияларына тән қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулер**

- **Сіздің электр құралыңызға ұсынылған шарықтардың түрлерін және таңдалған шарыққа арналған арнайы қорғаныс қаптамасын ғана пайдаланыңыз.** Электр құралы арналмаған шарықтар тиісті түрде қорғала алмайды және қауіпті болып табылады.
- **Максималды қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қорғаныс қаптамасы электр құралына мықтап бекітіліп, шарықтың ең аз ауданы операторға қарай шығатындай орналастырылуы керек.** Қорғаныс қаптамасы операторды сынған дискінің сынықтарынан, шарықпен кездейсоқ жанасудан және киімді тұтатуы мүмкін ұшқындардан қорғауға көмектеседі.
- **Шарықтарды тек ұсынылған мақсаттар үшін пайдалану керек.** **Мысалы: кескіш шарықтың қырымен ажарламау.** Абразивті кескіш шарықтар шеткі ажарлауға арналған; осы шарықтарға түсірілетін бүйірлік күштер олардың бұзылуына әкелуі мүмкін.
- **Әрқашан таңдалған шарық үшін дұрыс өлшемі мен пішіні бар бүлінбеген ернемектерді пайдаланыңыз.** Дұрыс ернемектер шарықты қолдап, оның сынуы ықтималдығын азайтады. Кескіш шарықтарға арналған ернемектер ажарлағыш шарықтар ернемектерінен өзгеше болуы мүмкін.
- **Үлкенірек электр құралдарының тозған шарықтарын пайдаланбаңыз.** Үлкен электр құралдарына арналған шарықтар шағын құралдың жоғарырақ айналу жылдамдығына сәйкес келмейді және жарылып кетуі мүмкін.

### **Абразивті кесу операцияларына тән қауіпсіздік техникасы бойынша қосымша ескертулер**

- **Кескіш шарықтың "сыналануына" жол бермеңіз және шамадан тыс қысым түсірмеңіз. Тым үлкен кесу тереңдігін жасауға тырыспаңыз.** Шарыққа шамадан тыс қысым түсіру тілікте шарықты ширатуға немесе байлауға қатысты жүктеме мен сезімталдықты, сондай-ақ кері тебу немесе шарықтың сынуы мүмкіндігін арттырады.
- **Өз денеңізді айналатын шарықпен бір сызықта және оның артында орналастырмаңыз.** Жұмыс кезінде шарық сіздің денеңізден алыстаған кезде, ықтимал кері тебу айналатын доңғалақ пен электр құралын сізге тікелей итеруі мүмкін.
- **Шарық сыналған кезде немесе кез келген себеп бойынша кесу үзілген кезде, электр құралын сөндіріп, шарық толық тоқтағанға дейін оны қозғалыссыз күйде ұстап тұрыңыз. Ешқашан қозғалыс кезінде тіліктен кескіш шарықты алып тастауға тырыспаңыз, әйтпесе кері тебу орын алуы мүмкін.** Шарықтың сыналануы себебін анықтаңыз және жою бойынша шаралар қабылдаңыз.
- **Дайындамада кесуді жандандырмаңыз. Шарыққа толық жылдамдықты жинауға мүмкіндік беріңіз және оны қайтадан тілікке абайлап енгізіңіз.** Құралды дайындамаға қайта енгізу кезінде шарық сыналануы мүмкін, ол жоғары қарай жылжуы мүмкін немесе оны артқа лақтырып жіберуі мүмкін.
- **Шарықты қысу және кері тебу қаупін барынша азайту үшін панельдерді немесе кез келген ауқымды емес дайындамаларды ұстап тұрыңыз.** Үлкен жұмыс бөліктері әдетте өз салмағы әсерінен салбырап тұрады. Тіректер дайындаманың астында кесу сызығында және дайындаманың шетінде шарықтың екі жағында орналасуы керек.
- **Қолданыстағы қабырғаларда немесе басқа бітеу аймақтарда "қалталарды" кесу кезінде өте сақ болыңыз.** Шығыңқы шарық газ немесе су құбырларын, электр сымдарын немесе кері тебуді тудыруы мүмкін заттарды кесіп тастауы мүмкін.

### **Ажарлау жұмыстарына тән қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулер**

- **Өлшемдері тым үлкен зімпара қағазды пайдаланбаңыз. Зімпара қағазды таңдаған кезде өндірушінің ұсынымдарын сақтаңыз.** Ажарлау табағынан тыс шығатын, өлшемдері үлкен зімпара қағаз кесу қаупін тудырады және кептелуді, шарықтың жыртылуын немесе кері тебуді тудыруы мүмкін.

### **Сымдық щеткамен жүргізілетін операцияларға тән қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулер.**

- **Кәдімгі жұмыс кезінде щетка сым қылшықтарын лақтыратынын есте сақтаңыз. Щеткаға шамадан тыс жүктеме түсіріп, сымдарға шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз.** Сымдық қылшықтар жеңіл киім және/немесе тері арқылы оңай енеді.
- **Егер сымдық щеткамен тазалау үшін қорғаныс қаптамасын**

пайдалану ұсынылса, сымдық шарықтың немесе щетканың қорғаныс қаптамасымен жанасуына жол бермеңіз. Сымдық шарық немесе щетка жұмыс жүктемесі мен ортадан тепкіш күштердің әсерінен диаметрі бойынша кеңеюі мүмкін.

Қауіпсіздік бойынша қосымша ескертулер

- Қорғаныс көзілдірігін киіп жүріңіз.



- Жұмыс аймағында инженерлік коммуникациялардың бар-жоғын анықтау үшін тиісті детекторларды пайдаланыңыз немесе жергілікті коммуналдық компаниядан көмек сұраңыз. Электр желілерімен түйісу тұтануға және электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін. Газ құбырының зақымдануы жарылысқа әкелуі мүмкін. Су құбырына ену мүліктің бүлінуіне әкеледі немесе электр тогымен зақымдануға себеп болуы мүмкін.
- Егер қоректену үзілсе, мысалы, электр энергиясы ажыратылған немесе желілік штепсель суырылған кезде, қосу/сөндіру айырақосқышын жіберіңіз және оны "Сөнд." жайғасымына орнатыңыз. Бұл бақыланбайтын қайта іске қосуды болдырмайды.
- Дайындаманы бекітіңіз. Қысқыш айлабұйымдарда немесе іскенжеде қысылған дайындама қолмен ұсталғанға қарағанда сенімдірек ұсталады.

#### Өнімнің сипаты мен сипаттамалары

**Барлық қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулерді және барлық нұсқаулықтарды оқыңыз.** Ескертулер мен нұсқаулықтарды сақтамау электр тогымен зақымдануға, өртке және/немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

Пайдалану бойынша нұсқаулықты оқыған кезде құралдың графикалық бетін жайып, оны ашық қалдырыңыз.

#### Болжалды пайдалану

Құрал суды пайдаланбай, металл және тас материалдарды кесуге, қаралтым өндеуге және тазартуға арналған.

Байламдағы абразивтерді кесу үшін арнайы бағыттағышты (аксессуарды) пайдалану керек.

Тасты кесу кезінде шаңды жеткілікті түрде жоюды қамтамасыз етіңіз. Мақұлданған ажарлағыш құралдар болған кезде, құралды ажарлағыш дискілермен ажарлау үшін пайдалануға болады.

#### Өнімнің ерекшеліктері

Бұйым сипаттамаларының нөмірленуі графикалық беттегі құралдың иллюстрациясына сәйкес келеді.



- 1 Шпиндельді бұғаттау батырмасы
- 2 Қосу/сөндіру айырақосқышы
- 3 Қосалқы тұтқа
- 4 Ажарлағыш машинаның айналдырғысы
- 5 Ажарлауға арналған қорғаныс қаптамасы
- 6 Қорғаныс қаптамасының бұрандасы
- 7 Жылдамдық реттегіші

#### Техникалық деректері

Бұрыштық ажарлағыш машина	
Кернеуі	230 В ~ 50 Гц
Номиналды қуаты	900 Вт
Жүктемесіз жылдамдығы	4000-12000 мин <sup>-1</sup>
Ажарлағыш диск диаметрі	125 мм
Ажарлағыш машина айналдырғысының бунасы	M14
Салмағы	2.2 кг
Қорғаныс класы	II

#### Құрастыру

**Құралдың өзінде кез келген жұмысты бастамас бұрын желілік штепсельді розеткадан ажыратыңыз.**

**Қорғаныс құрылғыларын монтаждау**

**Ескертпе:** Жұмыс кезінде ажарлағыш диск сынғаннан кейін немесе қорғаныс қаптамасындағы/электр құралындағы бекіткіштер зақымдалғаннан кейін, құрал техникалық қызмет көрсету үшін дереу сервис орталығына жіберілуі керек.

**Ажарлауға арналған қорғаныс қаптамасы**

Бұранданы босатып, қорғаныс қаптамасын ашыңыз  
Аспаптық бастиек айналдырғысының құрсамасына қорғаныс қаптамасын  
орнатыңыз және оны қажетті жайғасымға бұраңыз (орындалатын жұмысқа  
байланысты).

**Қорғаныс қаптамасының жабық жағы әрқашан операторға қарай  
бағытталғанына көз жеткізіңіз**

Бұранданы қатайтып, F қорғаныс қаптамасын бекітіңіз

**Ескертпе:** Қорғаныс қаптамасындағы кодтық кілттер тек құралдың осы түріне  
сәйкес келетін қорғаныс қаптамасын орнатуға болатынына кепілдік береді.

**Кесуге арналған қорғаныс қаптамасы**

**Байламдағы абразивтерді пайдалана отырып кесу үшін әрқашан  
кесуге арналған қорғаныс қаптамасын пайдаланыңыз.**

**Тасты кесу кезінде жеткілікті шаңды жоюды қамтамасыз етіңіз.**

Кесуге арналған қорғаныс қаптамасы ажарлауға арналған қорғаныс  
қаптамасы сияқты орнатылады.

**Шаңды жоюға арналған қорғаныс қаптамасы бар кесуге арналған  
бағыттаушы**

Шаңды жоюға арналған қорғаныс қаптамасы бар кесуге арналған  
бағыттаушы ажарлауға арналған қорғаныс қаптамасы сияқты монтаждалады.

**Қосалқы тұтқа**

**Құралды тек қосалқы тұтқа көмегімен басқарыңыз.** Қосалқы тұтқаны  
жұмыс тәсіліне байланысты құрал бастиегінің оң немесе сол жағына бұрап  
бекітіңіз.

**Қолға арналған қорғаныс қаптамасы**

**Резеңке ажарлағыш табақшамен немесе тостағанды  
щеткамен/дискілі щеткамен/қалақты дискімен жұмыс істеген кезде  
әрқашан қолға арналған қорғаныс қаптамасын орнатыңыз.**

Қолға арналған қорғаныс қаптамасы қосалқы тұтқа көмегімен бекітіледі.

**Ажарлағыш құралдарды монтаждау**

**Құралдың өзінде кез келген жұмысты бастамас бұрын желілік  
штепсельді розеткадан ажыратыңыз.**

**Ажарлағыш және кескіш дискілер жұмыс кезінде қатты қызады;  
олар салқындағанша оларға жанаспаңыз.**

Ажарлағыш машинаның айналдырғысын және барлық орнатылатын  
бөлшектерді тазалаңыз.

Ажарлағыш құралды қысу және босату үшін айналдырғыны бұғаттау  
батырмасымен ажарлағыш машинаның айналдырғысын бұғаттаңыз.

**Ажарлағыш машинаның айналдырғысы тоқтаған кезде ғана  
айналдырғыны бұғаттау батырмасын қосыңыз.** Өзге жағдайда құрал  
зақымдануы мүмкін.

**Ажарлағыш/кескіш диск**

Ажарлағыш құралдардың өлшемдеріне назар аударыңыз. Монтаждау саңылауының диаметрі саңылаусыз монтаждау ернемегіне сәйкес келуі керек. Бәсеңдеткіштерді немесе ұластырғыштарды пайдаланбаңыз. Алмас кескіш дискілерді пайдаланған кезде, алмас кескіш дискідегі айналу бағытының бағыттамасы мен құралдың айналу бағытының сәйкес келетініне назар аударыңыз (құралдың бастиегіндегі айналу бағытының бағыттамасын қараңыз).

Ажарлағыш/кескіш дискіні бекіту үшін қысқыш сомынды бұрап, екі саңылауы бар сомындық кілтпен қатайтыңыз.

**Ажарлағыш құралды орнатқаннан кейін және оны қосу алдында ажарлағыш құралдың дұрыс орнатылғанын және оның еркін айнала алатынын тексеріңіз. Ажарлағыш құралдың қорғаныс қаптамасына немесе басқа бөлшектерге тимейтінін қадағалаңыз.**

#### **Абразивті диск**

Абразивті дискімен жұмыс істеген кезде әрқашан қолға арналған қорғаныс қаптамасын орнатыңыз.

#### **Резеңке ажарлағыш табақша**

Резеңке ажарлағыш табақшамен жұмыс істеген кезде әрқашан қолға арналған қорғаныс қаптамасын орнатыңыз.

Дөңгелек сомынды бұрап, оны екі штифттік кілтпен қатайтыңыз.

#### **Тостағанды щетка/дискілі щетка**

Тостағанды/дискілі щеткамен жұмыс істеген кезде әрқашан қолға арналған қорғаныс қаптамасын орнатыңыз.

Тостағанды/дискілі щеткада ажарлағыш машинаның айналдырғысына ол ажарлағыш машинаның айналдырғысы бунасының ұшында айналдырғы ернемегіне тығыз жанасқанға дейін бұралу мүмкіндігі болуы керек. Тостағанды/дискілі щетканы ашық ұшы бар сомындық кілтпен қатайтыңыз.

## **Пайдалану**

### **Жұмысты бастау**

#### **Қосу және сөндіру**

Электр құралын **іске қосу** үшін қосу/сөндіру айырақосқышын алға басыңыз.

Қосу/сөндіру айырақосқышын **бұғаттау** үшін алдыңғы жағындағы қосу/сөндіру айырақосқышын ол тарсылмен бекітілгенге дейін басыңыз.

Электр құралын **сөндіру** үшін қосу/сөндіру айырақосқышын жіберіңіз немесе, егер ол бұғатталған болса, қосу/сөндіру айырақосқышының артқы бөлігін қысқа уақытқа басыңыз, содан кейін оны жіберіңіз.

**Пайдалану алдында ажарлағыш құралдарды тексеріңіз. Ажарлағыш құрал дұрыс орнатылып, еркін қозғалу мүмкіндігіне ие болуы керек. Жүктемесіз кем дегенде бір минут ішінде сынақтық іске қосуды орындаңыз. Зақымдалған, ортадан ығысқан немесе дірілдейтін ажарлағыш құралдарды пайдаланбаңыз. Зақымдалған ажарлағыш құралдар жарылып, жарақаттарға себеп болуы мүмкін.**

### **Жылдамдық реттегіші**

Жылдамдық реттегішін бұру арқылы сіз жылдамдықты таңдай аласыз. Айырақосқыштың өртүрлі жайғасымдарындағы жылдамдықтар мыналар: Сан үлкенірек болса, жылдамдық жоғарырақ болады. Сан кішірек болса, жылдамдық төменірек болады. Оңтайлы жылдамдық қолдану саласына және ажарлағыш/тазалағыш құралдың максималды номиналды жылдамдығына байланысты.

**ЕСКЕРТУ:** Құрал жұмыс жай-күйінде болған кезде шығатын саңылауларды жаппаңыз. Бұл қозғалтқыштың зақымдануына және құрал жұмысының тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

### **Практикалық кеңестер**

Көтергіш қабырғалардағы ойықтарды кесу кезінде абай болыңыз; Егер ол өз салмағының әсерінен қозғалмаса, дайындаманы қысыңыз. Құралға ол тоқтайтындай қатты жүктеме түсірмеңіз.

Электр құралына қатты жүктеме түскеннен кейін, аксессуарды салқындату үшін бірнеше минут ішінде бос жүрісте жұмыс істеуді жалғастырыңыз.

Ажарлағыш және кескіш дискілер жұмыс кезінде қатты қызады; олар салқындағанша оларға жанаспаңыз.

Кескіш тұғырығы бар электр құралын пайдаланбаңыз.

### **Қаралтым ажарлау**

**Ешқашан кескіш дискіні қаралтым өңдеу үшін пайдаланбаңыз.**

Қаралтым өңдеудің ең жақсы нәтижелеріне құралды 30° - 40° бұрыш астында орнатқан кезде қол жеткізіледі. Құралды орташа қысыммен алға-артқа жылжытыңыз. Осылайша, дайындама қызып кетпейді, түсі өзгермейді және онда ойықтар пайда болмайды.

### **Абразивті диск**

Абразивті дискіні (аксессуарды) пайдаланып, қисық беттер мен профильдерді өңдеуге болады.

Абразивті дискілердің қарапайым ажарлау табақтарына қарағанда айтарлықтай үлкенірек қызмет ету мерзімі, төменірек шу деңгейі және төменірек ажарлау температурасы бар.

### **Металл кесу**

**Байламдағы абразивтерді пайдалана отырып кесу үшін әрқашан кесуге арналған қорғаныс қаптамасын пайдаланыңыз.**

Кесу кезінде кесілетін материалға бейімделген қалыпты беріліспен жұмыс жасаңыз. Кескіш дискіге қысым түсірмеңіз, құралды еңкейтпеңіз және шайқамаңыз.

Бүйірлік қысымды түсіру арқылы кескіш дискілердің қозғалу жылдамдығын төмендетпеңіз.

Құрал әрқашан өрлемелі ажарлау режимінде жұмыс істеуі керек. Өзге жағдайда, оны тіліктен **бақылаусыз** итеру қаупі бар.

Профиль мен шаршы білеуді кесу кезінде ең кіші қимадан бастаған дұрыс.

## **Тасты кесу**

Тасты кесу кезінде жеткілікті шаңды жоюды қамтамасыз етіңіз.

**Шаңнан қорғауға арналған респиратор киіп жүріңіз.**

**Құралды тек құрғақ кесу / ажарлау үшін пайдалануға болады.**

Тасты кесу үшін алмас кескіш дискіні қолданған дұрыс.

Шаңды жоюға арналған қорғаныс қаптамасы бар кескіш бағыттаушыны пайдаланған кезде, шаңсорғыш тас шаңын тазалау үшін сертифицикатталған болуы керек.

Құралды қосыңыз және кесуге арналған бағыттаушының алдыңғы бөлігін дайындамаға орнатыңыз. Құралды өңделетін материалға бейімделген қалыпты беріліспен жылжытыңыз.

Қиыршық тастар құрамы жоғары бетон сияқты ерекше қатты материалды кесу кезінде алмас кескіш диск қызып кетуі мүмкін және нәтижесінде зақымдануы мүмкін. Бұған алмас кескіш дискімен бірге айналатын дөңгелек ұшқындау айқын меңзейді.

Бұл жағдайда, кесу процесін тоқтатыңыз және құралды жүктемесіз максималды жылдамдықта қысқа уақытқа іске қосып, алмас кескіш дискіні салқындатыңыз.

Жұмыс жүрісінің айтарлықтай төмендеуі және шеңбер бойымен ұшқындау алмас кескіш дискінің мұқалуының белгілері болып табылады. Абразивті материалды (мысалы, әк-құмды кірпіш) қысқа уақыт кесу дискіні қайтадан қайрауға әкелуі мүмкін.

## **Қызмет көрсету және тазалау**

**Құралдың өзінде кез келген жұмысты бастамас бұрын желілік штепсельді розеткадан ажыратыңыз.**

**Қауіпсіз және дұрыс жұмыс істеу үшін әрқашан құрал мен желдеткіш саңылауларды таза ұстаңыз.**

**Төтенше жағдайларда әрқашан шаңды жоюды мүмкіндігінше пайдаланыңыз. Желдеткіш саңылауларды жиі үрлеп, қорғаныстық сөндіру құрылғысын (ҚСҚ) орнатыңыз.** Металмен жұмыс істеген кезде ток өткізгіш шаң электр құралының ішкі кеңістігінде шөгуі мүмкін. Электр құралының жалпы оқшауламасы бұзылуы мүмкін.

Аксессуарларды сақтықпен сақтаңыз және пайдаланыңыз.

Егер қоректену баусымын ауыстыру қажет болса, қауіпсіздікке қауіп төндірмеу үшін мұны уәкілетті сервис агенті жасауы керек.

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



Құралды кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратпаңыз. Мұның орнына жергілікті қалдықтарды қайта өңдеу орталығынан кеңес алу үшін жүгініп, оны экологиялық тәсілмен кәдеге жаратыңыз. Өтінеміз, қоршаған ортаға қамқорлық жасауды өте байыпты қабылдаңыз.

EBIC TOOLS LTD

No.109 Software Avenue, Нанкин, Цзянсу, ҚХР.

Қытайда жасалған 2022/09/08

"ST Networks" ЖШС

Қазақстан Республикасы, Алматы, Алмалы ауданы, Мұратбаев көш., 180,  
201 кеңсе